




ИНТЕРНЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Z ҰРПАҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫ БОЛАШАҚ





Ұрпақ – жас емес, құндылықтар жүйесі мен ойлау салты. Жеке есею ерекшеліктері маңызды, сонда да, менің ойымша, тұлғаның қалыптасуында әлеуметтік, экономикалық, саяси және технологиялық факторлар кешені үлкен орын алады.

Z ұрпақты X, Y және алдыңғы барлық буындардан ерекшелейтін ол – технологиялық серпіліс.

Z ұрпағы – цифрлы технологияларсыз әлемді білмейтін алғашқы буын. Оның көптеген өкілдері интернет күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналғаннан кейін дүниеге келген.

«Қаншалықты түсініксіз болса да, әлеуметтанушылар мен демографтардың Z ұрпағы деп кімді есептеу керектігі жайлы бірегей пікірлері жоқ. Олардың айтуынша, шегара жастар өмірге келген елдегі технологиялардың даму деңгейіне байланысты».

Сонымен, көптеген батыс әлеуметтанушылары бірінші «Зеттер» деп жалпыға қолжетімді дүниежүзілік желі пайда болған – 1991 жылы дүниеге келгендерді атаса, басқалары есепті 2001 интернет кең таралған жылдан бастайды. Күнделікті өмірге цифрлы технологияларды енгізуден бәрінен озық тұрған Жапонияда Z ұрпаққа 1980 жылдардың соңында дүниеге келгендерді де жатқызады. Әрине, ТМД елдерінде бірінші «Зеттер» 1990 жылдардың ортасынан кейін ғана пайда болған.

Барлық кең таралған пікірлерді жалпылай келе сарапшылар келесідей қорытынды жасайды: Z ұрпаққа 11 және 20 бірнеше жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастарды жатқызуға болады. Бұл бозбалалар мен бойжеткендерді алдыңғы барлық ұрпақтардан ерекшелейтін олардың бала кезінен цифрлы технологиялармен таныс болуы болып табылады.

Кейде «Z ұрпақ» термині «цифрлы адам» терминінің синонимі ретінде қолданылады. Әдетте Z ұрпақ адамдары X буын ата-аналарының балалары, X-миллениум кейде, тіпті, Y буындарының шегарашылары ретінде қарастырылады. Алдыңғы буындар «жаңа технологиялар» немесе «келешек технологиялары» деп атағандар Z ұрпақ үшін ағымдағы нәрсе болып табылады.

Буынның заманауи теориясы өткен ғасырдың 90-жылдарының басында пайда болды. Оның авторлары екі американдық – экономист, демограф Нейл Хоув және драматург, тарихшы Вильям Штраус – бір-бірінен тәуелсіз түрде ұрпақтар шиеленісі сияқты танымал әлеуметтік феноменді зерттеген және бір уақытта бірдей қорытындыға келген.

Олар бір буынға жататын адамдардың мінез-құлқының басқа буындағы сол жастағы адамдардың мінез-құлқына мүлдем ұқсамайтындықтарына назар аударған.

Қарапайым тілде айтатын болсақ, қазіргі 20 жасар балалар бірдей жағдайларда өздерін шамамен бірдей ұстайды, бірақ бұл өз әкелерінің, ата-бабаларының олардың жасындағы әрекеттеріне мүлдем ұқсамайды. Ал арғы аталарымен айқын ұқсастық болады.

Зерттеушілер біріге келе 1991 жылы Generations («Ұрпақтар») кітабын жазады. Хоув пен Штраус оның негізіне адамның мінез-құлқы оның 12-14 жасқа дейін қандай жағдайда өмір сүргендігіне және қандай тәрбие алғандығына байланысты деген ойды алады. Дәл осы жасқа дейін біздің әрі қарайғы өмірімізде алып жүретін өзіндік құндылықтар жүйеміз қалыптасады.

Ұрпақ – белгілі бір жас ерекшеліктегі, бірдей оқиғалар мен тәрбиелеу ерекшеліктерін бастан өткерген, нәтижесінде бірегей құндылықтар жүйесінің өкілдері болатын адамдар тобы. Біз аталған құндылықтарды байқамаймыз, олар елеусіз орындалады, бірақ көп жағдайда біздің мінез-құлқымызды: біздің қалай араласатынымызды, шиеленістерді қалай шешетінімізді және топтарды қалай құратынымызды, қалай дамидынымызды, нені және қалай сатып алатынымызды, бізді не ынталандыратынын, мақсатты қалай қоятынымызды және адамдарды қалай басқаратынымызды анықтайды.

Батыс психологтарының ойы бойынша қазіргі таңда жеті жастағы бала интернетке дейінгі кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай ересек. «Біз жеті жасында жаңа он сегіз жаста болатын кішкентай ересектер буынын тәрбиелей алатын едік», – дейді балалар психологы Эндрю Фаллер. «Кеңістік психологиялық орталығының психолог-психотерапевті Ольга Артемованың ойынша «қазіргі он жастағы балаларды жасөспірімдер деп әбден айтуға болады. Олардың гормоналдық деңгейі мен психикасы 20 жыл бұрынғы он төрт жастағылармен бірдей».

IQ marketing зерттеуіне қатысушылар 8-13 жасында өз жастарының балалық шақта еместігіне сенімді. Қатысушылардың 70%-ы өздерін ересекпіз деп санайды. 61%-ы оларды қоршаған адамдардың барлығының түсіне бермейтіндігін айтады. Сұхбаткерлердің 10%-ы оларды мұндай түсінбеушіліктердің тіпті ашуландыратындықтарын білдірген.



Z ұрпақтың белсенділігі дәл осы интернетте байқалады. Оларға бір нәрсені ересектерден сұраудың орнына іздеу жүйесіне жүгінген оңай. IQ marketing зерттеуіне қатысушыларға келесі есепті ұсынған: «Сен үйде жалғыз отырсың және саған «тираннозавр рекстің» не екенін жылдам білу керек. Сен не істейсің?». Балалардың 44%-ы интернетке кіретіндіктерін айтқан. «Негетайлар» буыны өткеннің оралмас еншісінде қалды.

Егер Y буынды зейін қоюдың жетіспеушілігі үшін сөксе, Z ұрпақты барлығын алдын ала жоспарлауға дайын екендігі үшін сөгеміз бе? Оларға X буын өкілдері болып табылатын ата-аналары – өздеріне ғана сенетін дарашылдар қатты әсер еткен және олар алдыңғы Y буыны өкілдерінің қателіктеріне ұрынғылары келмейді.

Соңғы белгілі тақырыптарға сенетін болсақ, Z ұрпақтың назар аудару ұзақтығы 8 секундқа дейін сығылған және олар еш нәрсеге ұзақ уақыт көңіл бөле алмайды. Бірақ біз Z ұрпақтың бойында жоғары дамыған «8-секундтық сүзгі» деп аталатын нәрсенің пайда болғанын анықтадық.

Олардың мүмкіндіктері шексіз, ал олардың уақыттары – шектеулі әлемде өсті. Сондықтан Z ұрпақ үлкен көлемді ақпаратты жылдам байқау және бағалау қажеттілігіне бейімделген. Олар онлайн және мобильді құрылғыларда ең танымал және жаңа контент таңдалатын қосымша парақтар мен бөлімдерге қатты сенеді. Сондай-ақ олар ең дұрыс ақпарат пен көңіл көтерудің қайда екенін түсіну үшін өз тәлімгерлерінің артынан жүреді. Аталған құралдар Z ұрпаққа өздерінің әлеуетті таңдау жинағын дұрыс межеге дейін азайтуға мүмкіндік береді.

Z ұрпақтың радары олардың уақытының неге тұратындығын іздеуге мұқият бапталған. Аталған сүзгілерден өтіп, олардың назарына ілігу үшін оларға қызықты және бірден пайда келтіретін күйзелістерді қамтамасыз ету керек. Бірбағытты жолдаулар шұға батып кетеді.

Z ұрпақ жасөспірімдерінің 85%-ы өмірінде бір рет интернеттен ақпарат іздеген. Жасөспірімдердің 52%-ы YouTube пен әлеуметтік желілерді мектеп тапсырмаларын орындау үшін пайдаланады. 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдер теледидар көруге қарағанда телефонды жиі пайдаланады (72% және 76%), ал 8-12 жастағы балаларда бұл көрсеткіш керісінше (39% және 72%). Соған қарамастан көпшілігі бір күн ішінде бірнеше экранға қарап үлгереді: телефон, теледидар, ноутбук, музыкалық плеер, планшет, электронды кітап, ойын қосымшасы.

Соның салдарынан жасөспірімдердің ақпаратты қабылдау жылдамдығы артса да, бір нәрсеге сегіз секундтан көп уақыт көңіл бөлу қиындық тудырады.

Оқушылардың компьютерлік ақпараттық технологияларға деген қызығушылығы дәстүрлі оқулықтар мен дәптерлерге қарағанда жоғары. Жаңа буын заманауи білім беру саласында сәтті пайдаланылатын мультимедиа саласында қызыға жұмыс істейді. Себебі бұл олардың шығармашылыққа дайындығын, жаңа білімдер алу мен дербестігін сезіну қажеттілігін тудырады.

Интернеттің арқасында заманауи тинэйджерлер үйден шықпай-ақ, кез келген нәрсені үйреніп, мульти ұлттық топ жинай алады, өз жобасы жайлы бүкіл әлемге айтып (YouTube немесе TED-те), тіпті, өз идеяларын жүзеге асыру үшін қаржы таба алады.

Z ұрпақ өкілдеріне жұмысқа арналған түсіндірулер мен нұсқаулықтар керек. «Зеттер» әрекеттер тізбегі, жауапкершілік ауданы, басқа қызметкерлермен өзара араласу форматын нақты түсінген кезде ғана тиімді жұмыс істей алады. Егер компаниядағы жұмыс айқын ұйымдастырылмаса, онда «зеттер» қулық жасап, маңызды іспен айналысып отырғандай түр ғана жасайтын болады. Талаптар мен көмектерді нұсқаулықтар түрінде құрастырған дұрыс, себебі, Z ұрпақ көп тыңдауға дағдыланбаған. «Зеттер» сонымен қатар, міндетті түрде заманауи технологиялар іске қосылатын, көп ақпарат көлемін өңдеу қажет болатын қызықты жұмыс күтеді.

«Зеттерге» басшы ретінде олармен тең дәрежеде араласатын кәсіби шебер жақсы болады. Z ұрпақ үшін көшбасшы – қайсар, тарпа бас салатын, басқаларға қысым көрсететін және не болса да өз мақсатына қарай жүретін адам емес. Бұл – ең алдымен өз білімі мен тәжірибесі арқасында бағыныңқылар арасында бедел жинауға қабілетті керемет кәсіби маман. Зеттің ұраны: «Мені тыңда, мені түсін, менімен сөйлес, мені бағала». Жақсы емес пе? Агрессиялық басқару стилі оларды қорқытуы мүмкін, олар одан әрі тұйықтана түседі.



«Зеттер» – «лайктар» буыны. Оларды мақтауға әрдайым себеп таба біліңіз. Бұл буын өкілдері кішкентайынан көтермелеуге үйренген. Басшыларға оларды мақтауға себептер іздеуге кеңес беріңіз. Тым құрығанда талпынысы мен жігері, басқаларға көмектесуге дайын екендігі үшін.

Z ұрпақ басқалардың тәжірибесіне сенбейді. Оларға нені және қалай жақсы істеу керектігін өздеріне түсінуге мүмкіндік беріңіз. «Зеттер» өзгелердің қорытындысына сүйенуге үйренбеген. Сондықтан оларға ойлау мен шешім қабылдауға уақыт керек. Олар қайсысы қызықтыратынын анықтау үшін бірнеше салада жұмыс істеп көрулері мүмкін. Оларға тапсырманы талқылауға болатын ұсыныс сияқты көрінетіндей етіп қойған дұрыс.

Z ұрпақ дайын ойыншықтармен ойнамай, кеңістікті өз ыңғайына қарай құруды армандайды. Оларды қатып қалған қағидалар ендігері қызықтырмайды, олар әрдайым жаңартып отыруды талап етеді.

Сәтті балалар жобасының бір ұқсастығы бар: олар балаларға көптен күткен өз ережелері бойынша өмір сүру мүмкіндігін береді. Мысалы, американдық SchwarzInc бірлестігі мен шотландиялық LucymoosStudio дизайнерлік фирмасы жас клиенттерге ойын дизайнын өздеріне құруға мүмкіндік береді.

Балаларға өз ойыншықтарын, киімдерін, аяқкиімдерін толықтыруға мүмкіндік беруге болады. Бала өзінің сүйікті түсіне бояй алатын жейделер шығарылуда. Компьютерлік ойындағы бейне сияқты. Өз суретінді салуға болатын етіктерді неге шығармасқа?

Егер заманауи оқушыларға қарайтын болсақ, олардың аудиториядан тыс өзіндік жұмыс қалыпты болып саналатын алдыңғы буыннан ерекшелігі – олар білім берудің жаңа интерактивтік әдістеріне талапшыл.

Бұл буын өзіне бағытталған, телебағдарламалар санының артуы тұрмыстық біліктіліктерге деген қызығушылықтың артуына алып келеді, ғылымның шоғырлануы нәтижесінде аталған буынның балалары білімді жетілдіреді және өнертапқыштар болады.

Дәл осы мультимедиа технологиялары жұмысқа визуалды, есту, когнитивтік және мінез-құлық әрекеттерін қосады, ал бұл оқушылардың әрі қарайғы жұмысының, сонымен қатар, олардың танымдық деңгейін сана деңгейінде де, бейсана деңгейінде де белсенді болуына жағдай жасайды.

Нәтижесінде дәстүрлі білім беру технологияларының орнына жаңа ақпараттық дамытушы педагогикалық жүйелер келеді.

Интернет болашақта қайда болады, келекешекте оны басқаруда біздің орнымыз қандай болмақ? Онлайн-әлемнің болашағы жайлы болжамдар өте жағымдыдан тұзу сызықты апокалиптікке дейін барады. Олардың көбісі жақын арада орындалатын оң процестерді білдіреді, ал бұл түбегейлі өзгерістерге әкелуі мүмкін. Мысалдар қатарына кибершабуылдар, құпиялық қатерлері, өсіп келе жатқан теңсіздік, жасанды зерде мен Интернет заттардың жетістіктері жатады.

Бүкіләлемдік тордың құрылуының кезекті туған күнін атап өту үшін Pew зерттеу орталығындағы сэр Тим Бернерс-Ли өздерін келешекте не күтіп тұрғаны жайлы ойларымен бөлісу үшін желіге тартылған мыңдаған адамды байланыстырды. Көпшілігі негізгі технологиялық беталыстардың болатынымен келіссе де, олардың адам мен қоғамның мінез-құлқына әсер ететіндігімен келіскен жоқ.

Кей адамдар әсерлердің біраз бөлігі теріс болатындығын болжаған. Экономикалық тұрғыда желі ауқаттылар мен жарлылар арасындағы айырмашылықты тек тереңдете алады, бұл үлкен наразылықтарға және тіпті күш көрсетуге алып келуі мүмкін. Жаһандық масштабта ақпарат алмасуға қарай аталған айырмашылық айқын көріне бастайды.

Интернет те орта тапты тастап, үлкен теңсіздікке әкелуі мүмкін.

Силикон алқабындағы техникалық алпауыттар қазіргі таңда ортаңғы тап жұмыс орындарын алып тастаудың жүріп жатқанын көрсетеді. Мысалы, 1996 жылы Kodak компаниясында 140 мың адам жұмыс істеген, бірақ Instagram сияқты цифрлы фотосуреттер мен қызметтер 2012 жылы оның банкротқа ұшырауына алып келді. Facebook Instagram-ды 1 миллиард долларға сатып алған кезде кішкентай ғана компанияда бар болғаны он үш адам жұмыс істеген.

Тағы бір жағымсыз тақырып желінің қазіргі таңдағы барлық мәселелерінің, қоқан-лоқы көрсету және қылмысты аңду, бұзу және жеке өмірге араласудың әрі қарай өсетіндігі болып табылады. Адамның табиғаты өзгермейді және келесі буынның Интернеті ондағы өмірді бақытсыз етуге арналған жақсы құралдар ұсынатын болады.



Ал билік пен бірлестіктер Интернет бастапқыдан жеке адамдарға берген биліктің біраз бөлігін қамтып алып, саяси және әлеуметтік бақылау жүргізудің көптеген мүмкіндіктеріне ие болады.

Жасанды зердедегі соңғы кемшіліктер де алаңдаушылық тудырады; «зияткерлік келешек» жыл сайын келесі жаңа интернет затты зерттеу үшін мыңдаған техниктерді тартатын SXSW конференциясындағы негізгі тақырып болып табылады. Олардың көбісі жасандылық жайлы.

Кей ғалымдар зерттеулердің компьютерлер мен цифрлы желілер адамды әрбір когнитивтік салада басып озатын «супер зердеге» бағытталғанын көретіндіктеріне қатты алаңдайды. Сіздің тұлғалық сипаттарыңыз бойынша, Сіздің «кітаптарыңыз» өзіңізге жүргізген талдауға қарасақ, машиналық оқытумен жабдықталған компьютерлер өз достарыңыздан артық.

Көпшіліктің ойы бойынша үміттендіретін нәрселердің бірі Интернеттің электр қуаты сияқты көрінбейтін затқа айналатындығы болып табылады. Ол әр адамның күнделікті өміріне еніп алғаны соншалықты адамдар оны байқамайтын болады. Атап айтатын болсақ, Интернет заттар арқасында бұл биттер мен байттардың барлығы жағдаймен бірігіп кетеді де, біз өзіміз үшін көптеген шешім қабылдау үшін компьютерлік шешімге сүйенетін боламыз.

Кей функциялар қорқынышты болуы мүмкін. Мысалы, GoogleGlass дыбыс командалары арқылы Интернетке кіре алатын, телефон қоңырауларын шалып және сурет пен бейнежазбаға түсіре алатын көзілдіріктер түріндегі негізгі гарнитура болып табылады.

Бір жағынан, құрылғы Сіздің қазір не істеп жатқаныңыз жайлы талап бойынша ақпарат бере отырып, физикалық шынайылығыңызды арттыру тәсілі болуы мүмкін. Бірақ оның әлеуметтік әсері бар болып шықты. Барлар мен мейрамханалар өз клиенттерін жасырын түсіруге ара түсу үшін келушілерге оларды тағуға тыйым салады. Кей адамдар негізгі мәселе сән деп есептейді және егер Google одан да әдепті және тартымды нәрсе ойлап тапса, жақсы болады дейді. Мен мұнымен келіспеймін. Негізгі бөгет құрылғының біздің айналамыздағы адамдарға келтіретін психологиялық әсері болып табылады.

Автор, музыкант және бағдарламашы-ғалым Ярон Ланье, өкініше орай, біздің Интернет технологияларды басқаруға қатысты таңдауымыздың шартсыз екендігіне өкінеді. Себебі бағдарламалық жабдықтама құрастыру өте жылдам орындалады. Ол келесі сөздерді айтады: «Сіз ағаш тұқымын отырғызу үшін тізерлеп отырғаныңыз сияқты оның жылдам өсетіні соншалық Сіз орныңыздан тұрғанша ауылығыңызды тұтастай жұтып қояды».

Ерекшеліктерге біз олардың мінез-құлық пен қоғамға қалай әсер ететінін бағалағанша «тыйым салынады». Уақыт ілгері жылжып, бағдарламалық жабдықтама күрделі болған сайын тіпті, олар ең жақсы болса да, бұрынғы технологиялық шешімдерді өзгерту қиынға соғады.

Соған қарамастан, Интернет психологиясына жасаған сапар бойы көргеніміздей бізде адамзатқа пайда әкелетін көптеген ілгері технологияларды таңдау мүмкіндігі бар. Интернет ортаның біздің мінез-құлқымызға қалай әсер ететіні және бізді алдымызда не күтіп тұрғаны жайлы көп мәліметтер бар.

Біз технологияларға Интернеттің жақсы бағытқа қарай бұрылуына әсер ету үшін жақсы шешімдер қабылдауға көмектесе алатындай болуымыз керек.

XXI ғасырдың басына дейін ғылыми жетістіктер негізінен университеттерде, мемлекеттік лабораториялард немесе ғылыми-зерттеу және тәжірибелі конструкторлық бөлімшелер ұжымында орындалатын. Ғылым негізінен жабық болатын және ондай нәтижелерді бірінші жариялап, өз нәтижелері үшін пайда табу мақсатында бәсекелесетін ғалымдар жүргізетін.

Біз Интернеттің келешегі мен біздің ол жердегі рөліміз туралы ойлайтындықтан, 1440 жылдардың ортасында пайда болған Гутенбергтің қол ұстасын еске түсіруіміз керек.

Баспа кітаптың қоғамға қатты әсер етуіне жүздеген жылдар кеткен, алты жүз жыл өткен қазірдің өзінде кітап біздің өміріміздің маңызды бөлігі болып табылады.

Интернеттің бастапқы бірнеше онжылдық бойы бізді қалай таңғалдырғанын ескеретін болсақ, бізді әлі талай сыйлықтар күтуде. Ал интернет психологиясы бізге аталған сыйлықтарды дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді.